



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

**Интеллектуалды көлік жүйелері
ITS қызметін ұсыну үшін веб-сервистерді (деректерді машинааралық беру) қолдану
1-бөлім
ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН ВЕБ-СЕРВИСТЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ**

**Системы транспортные интеллектуальные
Использование веб-сервисов (межмашинная передача) для предоставления услуг ITS
Часть 1
РЕАЛИЗАЦИЯ ВЗАИМОДЕЙСТВУЮЩИХ ВЕБ-СЕРВИСОВ**

ҚР СТ ISO 24097-1-2014

(ISO 24097-1-2009 «Intelligent transport systems – Using web services (Machine-machine delivery) for its service delivery – Part 1: Realization of interoperable web services», IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық
реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Интеллектуалды көлік жүйелері

ITS қызметін ұсыну үшін веб-сервистерді (деректерді машинааралық беру) қолдану

1-бөлім

ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН ВЕБ-СЕРВИСТЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ

ҚР СТ ISO 24097-1-2014

(ISO 24097-1-2009 «Intelligent transport systems – Using web services (Machine-machine delivery) for its service delivery – Part 1: Realization of interoperable web services», IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық
реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны және №61 GS1 KAZAKHSTAN автоматтық сәйкестендіру «Ассоциация» БЗТ базасындағы «Автоматтық сәйкестендіру» Стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ.**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2014 жылғы 07 тамыздағы №175-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 24097-1-2009 «Intelligent transport systems – Using web services (Machine-machine delivery) for its service delivery – Part 1: Realization of interoperable web services» (Системы транспортные интеллектуальные - Использование веб-сервисов (межмашинная передача) для предоставления услуг ITS – Часть 1: Реализация взаимодействующих веб-сервисов) халықаралық стандартымен бірдей.

ISO 24097-1 халықаралық стандарты ISO/TC 204 Техникалық комитетіменің Интеллектуалды көлік жүйесімен дайындалған.

Осы стандарттың әзірленуіне негіз болған және сілтемелер берілген халықаралық стандартының ресми нұсқасы нормативтік-техникалық құжаттардың Бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

Ағылшын тілінен аударылған (en)

Сәйкестік дәрежесі – бірдей, IDT

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛГІ**

2020 год
5 лет

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жыл сайын, сондай-ақ мәтін өзгерістер мен түзетулер ай сайын басылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі. Осы стандартты қайта қарау (өзгертілу) жою жағдайында, тиісті хабарлар ай сайын басылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі.

Мазмұны

Кіріспе	1
1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативті сілтемелер	2
3 Терминдер, анықтамалар, қысқартулар	2
3.1 Терминдер мен анықтамалар	2
3.2 Қысқартулар	3
4 Шартты белгілер	4
4.1 Негізгі сипаттама құжатында қолданатын URI атты префикстер мен кеңістік	4
4.2 Веб-сервис синтаксисінің мағынасы: BNF жалған–сызбалар	5
4.3 XPath 1.0 мағынасы	5
4.4 Провайдер қызметі мен қолданушының қызметінің өзара әрекеттесу комбинациясының мағынасы	6
4.5 SOA стек атауының мағынасы	6
4.6 Мағыналар жиынтығы	6
4.7 IRI үлгілік көрсеткіші	6
4.8 Rnnnn (nnnn: тұтас сандар)	6
5 Талаптар	6
5.1 Веб-сервистерді стандарттаудың негізгі тұжырымы	6
5.2 Веб-сервистердің метамәліметтері	9
6 Сервистерді сипаттау деңгейі	12
6.1 Сервисті сипаттау деңгейінің құрылымы	12
6.2 Сервисті сипаттау деңгейі – Интерфейсті сипаттаудың ішкі деңгейіне қойылатын талаптар мен ұсыныстар	12
6.3 Сервисті сипаттау деңгейі – Саясатты сипаттаудың ішкі деңгейіне қойылатын талаптар мен ұсыныстар	15
7 Сервис деңгейінің сапасы	21
7.1 Сервис деңгейінің сапасы – Хабарламалармен сенімді алмасудың ішкі деңгейлеріне қойылатын талаптар мен ұсыныстар	21
7.2 Сервис деңгейінің сапасы – Қауіпсіздіктің ішкі деңгейлеріне қойылатын талаптар мен ұсыныстар	23
7.3 Сервис деңгейінің сапасы – Транзакцияның ішкі деңгейлеріне қойылатын талаптар мен ұсыныстар	24
8 Хабарламалармен алмасу деңгейі	24
8.1 Хабарламалармен алмасу деңгейі – XML хабарламаларымен алмасуға қойылатын талаптар мен ұсыныстар	24
9 Қызметті орналастыру/анықтау деңгейі	25
9.1 Қызметті орналастыру/анықтау деңгейі – Әмбебаптық сипаттау, анықтау және интеграцияға қойылатын талаптар мен ұсыныстар	25
А қосымшасы (міндетті)	31
1.1-ден 2.0 дейін нұсқасынан WSDL даму мен қағидалары	
В қосымшасы (ақпараттық)	43
WDSL синтаксисі	
Бибблиография	47

Кіріспе

Интеллектуалды көлік жүйелері қызметтері (ITS) жеке қызметтік және шектелген нақты қызметтерден бастап, кең салада үйлесімді және тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін өзара әрекеттесетін көптеген жүйелердегі қызметтердің кең спектрларына дейін ауысты. Қазіргі заманда ITS қызметтері тек қызметтің бір спектрінің басқа бөліктерімен ғана коммуникация үшін қажет емес, сонымен қоса ITS әр түрлі қызметтері арасында да және тек ITS қызметтері ғана емес, сондай-ақ тікелей қолданушылар жүйесімен де байланыс керек. Осы жүйелердің кейбір мысалдары қозғалысты, бағдарды белгілеу жүйесін, ішкі қауіпсіздік жүйесін, қоршаған ортаны қорғау жүйесін және тасымалдауды басқарудың жеке басқару жүйесін басқару арасындағы коммуникациялар болып табылады.

Бұл жүйелер (тіпті ITS қызметтерімен шектелгендер де), әдетте, әр түрлі ортада қолданылады, әр түрлі аппаратты қамтамасыз етулерді, әр түрлі операциялық жүйелерді (ОЖ), аралық деңгейді бағдарламалық қамтамасыз етуді немесе әзірлеу тілдерін қабылдайды. Осылайша, ыңғайлы, жылдам және миға қонымды баға бойынша бола алатындай ұйымдар арқылы жүйелерді үйлестіруді жүзеге асыру үшін тапсырмаларды құрастырады. Желілік қызметтер (WS) аталмыш қиындықтарды мүдірмей өте алатын заманауи әдіснамалар болып табылады. ITS қызметі үшін желілік қызметтің технологияларын қолдану ITS қызметін қолдануды қабылдаудың деңгейі мен жылдамдығына әсер ете алатын интернет қызметтерін ұсынудағы құнын айтарлықтай жеңілдетеді және қысқарта алады.

Әлемдік тор консорциумы (W3C) желілік қызметтерді келесі тәсіл арқылы анықтайды: «Желілік қызметтер желідегі машина-машина арасындағы әрекеттерді қолдау үшін арналған бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесін көрсетеді. Оларда машиналық-өңделетін форматта жазылған [атап айтқанда, WSDL (Бағдарламалық интерфейстерді жазу тілі)] интерфейстер бар. Басқа жүйелер желілік қызметтермен SOAP-хабарламалар көмегімен орнатылған тәртіпте өзара әрекеттеседі, әдетте, желімен байланысты басқа стандарттармен бірге XML нөмірілік сериясын берумен HTTP көмегімен беріледі».

Желілік қызметтер өте көп қызметтік мүмкіндіктерді және соның нәтижесі ретінде сәулетті міндетті түрде талап етеді. Желілік қызметтерді стандарттауды ұйымдастыру сервистік-бағытталған сәулетке сәйкес стандарттарды құрайды (SOA). SOA нысанды-бағытталған тәміл және бөлінген есептер эволюциялық түрі болып табылады.

ITS қызметтеріне SOA базасындағы стандарттарды қолдану, келесі көрсетілгендерді болжайды:

Ресми көзқарас бойынша:

- қызмет құнының артуы;
- көп ұлттылық;
- бизнесті автоматтандыруға жақындау.

Жүйені дамыту көзқарасы бойынша:

– ITS қызметін үйлестіруді және қызмет көрсету аймағын кеңейтуді қарапайым және тез дамыту;

– желілік қызмет көрсетулер жүйе әзірлеушілеріне «қалай»- дегенге емес, «не»- дегенге шоғырлануға мүмкіндік береді. «ҚАЛАЙ» стандартты базалық аспаптар көмегімен қарастырылады. Ол бағдарламалық қамтамасыз ету жүйелерін жылдам және қарапайым әзірлеуге мүмкіндік береді;

– желілік қызметтердің стандарттарының композициялық құрылымы бағдарламалық қамтамасыз етуді қайталап қолдануға мүмкіндік береді;

- мұрагерлік жүйелерге қарапайым түрде қосылу.

ITS секторында көптеген қосымшалар хабарламаларының стандарттаулары аяқталған, жақсы дамыған немесе жергілікті деңгейде орнатылған. Хабарлама стандарттану жүйені үйлестіруді жақсарту, өзара әрекеттесу және қайталап қолдану үшін арналған, ал желілік қызметтерге арналған шарттар аяқталып қалған болып саналады. Сонымен қатар, желілік қызметтерді қолдану ITS сектордан тыс және жалпы саудалық қызметтері мен ITS қызметтері арасындағы шектің жойылған салаларында өзара әрекеттесу және коммуникация үшін ITS қызметінің ыңғайлылығын арттырады.

Желілік қызметтердің стандарттар эволюциясының көзқарасы бойынша, 2007 жыл ең есте қаларлық кезең болған. WSDL 2.0 өзі W3C ұсынды. Сәйкесінше, желілік қызметтерге қатысты сипаттама құжаттар, стандарттау жөніндегі (W3C және OASIS) ашық органдармен стандарттана бастады. Бұл стандарттар барлық қызметтік деңгейлерді қамтиды. Бұл стандарттарды қолдану кезінде ITS секторы біріккен желілік қызметтерге арналған мықты негізге ие.

ITS қызметінің басқа секторлармен өзара әрекеттесуі, болжаммен, өзара тиімділікті арттырады. Экономикалық жаһандану түгел мемлекетте, ал көп жағдайда әлембе коммуникацияны қажет етеді. Аталмын ынтымақтастық қызметтердің өзара әрекеттесуіне негізделеді. Өзара әрекеттесу ашық халықаралық стандарттар негізінде ғана жүзеге асады.

Желілік қызметтер өзара әрекеттесі арқылы бөлінген желілік қорларды қолдану үшін әзірленген. Дегенмен, желілік қызметтердің әрекеттесуін түсіну үшін, әртүрлі қызметтік мүмкіндіктер керек. ISO 24097 (барлық бөліктері) осы жағдайлар негізінде әзірленген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Интеллектуалды көлік жүйелері**ITS қызметін ұсыну үшін веб-сервистерді (деректерді машинааралық беру) қолдану****1-бөлім**

ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН ВЕБ-СЕРВИСТЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ

Енгізілген күні 2015–07–01**1 Қолданылу аясы**


Бұл стандарт интеллектуалды көлік жүйелерінің (Intelligent Transport Systems – ITS) өз ара әрекеттегі веб-сервистерін (web services – WS) жүзеге асыруға арналған сервис-бағытталған сәулетіне (Service-Oriented Architecture – SOA) талаптар орнатады.

«Сервис сұранымы» және «Сервис провайдер» бағдарламаларын автоқосылуын қосу үшін веб-сервис режимі метамәліметтер деңгейінде (абстракцияның өте жоғарғы деңгейінде) сипатталады.

«Сервис сұранымы», «Сервис провайдер» және «Реестр» веб-сервистер сценариіне қатысатын негізгі нысандар болып табылады (1 суретті қара). Интерфейс және саясат тәрізді, бизнес-ақпарат және техникалық ақпараттар реестрге кіреді. Ол қамтамасыз ете алатын сервисті «орналастыру» үшін сервис провайдер реестрмен өз ара қарым-қатынас жасайды. Қызмет көрсету веб-сервистердің стандартталған тіліндегі сипаттарына (web service description language – WSDL) және веб-сервистер саясаты (WS-Policy) түрінде веб-сервистер интерфейстерін сипаттау тілімен сипатталады. Сервис сұралымы реестрмен іздеу салынған сервис провайдерін «табу» мақсатында өзара әрекет жасайды. Берілген өзара әрекет әмбебап диалог сипаттамасы, табу және интеграция (Universal Description Discovery and Integration – UDDI) және шеткі нүктелеріне (endpoint reference – EPR) сілтеме арқылы жүзеге асады. Сұраным сервисі провайдер сервисін тапқан сәтте сервис провайдерімен SOA хаттамасы арқылы «байланысады».

Ескертпе – Сервис провайдерімен сервис сұранымы өзара қарым-қатынасы 1 суретте көрсетілген.

Нағыз стандарт ITS секторының қолданушыларына арналған веб-сервис қызметіне, сонымен қатар ITS жүйелеріне қосылмаған қолданушыларға арналған ITS веб-сервис қызметтеріне қолданылады.



1 сурет – Веб-сервис субъекттері және олардың өзара байланыстары

2 Нормативтік сілтемелер

Нағыз стандартты (құжатты) қолдану үшін келесі сілтемелік құжаттар қажет.

Датасы берілмеген сілтемелерге, сілтемелік құжаттардың соңғы басылымдарын қолданады (барлық өзгерістерін қоса алғанда)

ISO 14817 «Transport information and control systems – Requirements for an ITS/TICS central Data Registry and ITS/TICS Data Dictionaries», (Басқару жүйелері және жол көлігіндегі ақпараттар (TICS) – Орталық мәліметтер Реестріне ITS/TICS және мәліметтер қорының Сөздігіне ITS/TICS қойылған талаптар)

3 Терминдер, анықтамалар, қысқартулар

Ескертпе

1 W3C веб-сервистарына қатысты негізгі терминдер мен анықтамалар www.w3.org/tr/ws-arch/ веб-ресурсында орналасқан, сонымен қатар веб-сервистердің нақты стандарттарында қолданылатын терминдер пайдаланылады.

2 W3C негізгі сілтемелері үшін Библиографияны қара.

3.1 Терминдермен анықтамалар

Бұл стандартта сәйкес анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1.1 Үйлесушілік (composability): Веб-сервистерге біртіндеп жаңа функциялар қосуға мүмкіндік беретін құрал.

3.1.2 Домен (domain): Саясатты бекітудегі функционалдық аймақ (мысалы: қауіпсіздік, сенімділік, транзакционды алмасу және хабарламалармен алмасу).

3.1.3 ITS веб-сервисі (ITS WS): Интернет көмегімен ITS сервисін сүйемелдеуге құрастырылған веб-сервис.

3.1.4 Халықаралық стандарттағы веб-сервис (International Standard web service): Осы стандартқа сәйкес веб-сервис.

3.1.5 Платформа (platform): Жүйелік ортаны қамтамасыз ететін аппаратты құрал, аралық деңгейдегі бағдарламалық қамсыздандыру және қосымша істеу тілі.

3.1.6 Саясатты бекіту (policy assertion): Доменді анықтайтын (мысалы: хабарлама алмасу, қауіпсіздік, сенімділік және транзакционды алмасу) метамәліметтік қызмет элементі.

3.1.7 Қаңқа (skeleton): Шақыратын және жіберушіге нәтижені қайтаратын шақыруды қашықтан қабылдау тәсілін қолдануға арналған қызмет кодының элементтері.

3.1.8 Бітеуіш (stub): Қашықтықтағы қызметке үндеу жіберу үшін қажетті клиент коды.

3.1.9 Веб-сервистердің Метамәліметтері, қызметтердің Метамәліметтері, Метамәліметтер (WS metadata, service metadata, metadata): Веб-сервис метамәліметтерінің сервисін ұсынуды басқаратын жоғары деңгейлі веб-сервис сервисінің анықтамасы.

3.2 Қысқартулар

3.2.1 BNF – Бэкуса–Наура формасы (Backus Naur Form)

3.2.2 BP – Базалық профиль (Үйлесімділікті ұйымдастыру бойынша веб-сервис) (basic profile (of web services interoperability organization))

3.2.3 BPEL – Бизнес-үрдістерін орындау тілі (business process execution language)

3.2.4 DD – Мәліметтер сөздігі (data dictionary)

3.2.5 DR – Мәліметтер реестрі (data registry)

3.2.6 EPR – Шеткі нүктелерге сілтеме (endpoint reference)

3.2.7 HTTP – Гипермәтін беру хаттамасы (hypertext transfer protocol)

3.2.8 HTTPS – Гипермәтін берудің қорғалған хаттамасы (hypertext transfer protocol security)

3.2.9 IRI – Халықаралық ресурс идентификаторы (internationalized resource identifier)

3.2.10 MIME – Көпмақсатты Интернет пошта (multipurpose Internet mail extension)

3.2.11 MOF –Метанысанды құралдар (meta object facility)

3.2.12 MTOM – (SOAP) Хаттамаларды жіберуді оптимизациялау механизмі ((SOAP) message transmission optimization mechanism)

3.2.13 OID – Нысан идентификаторы (object identifier)

3.2.14 OMG – Нысанды-бағытталған технологиялар бойынша жұмыс тобы (object management group)

3.2.15 OSI – Ашық жүйелердің өзара әрекеттесуі (open system interconnection)

3.2.16 QoS – Қызмет көрсету сапасы (quality of service)

3.2.17 REC – Ұсыным (recommendation)

3.2.18 RM – Хаттамалармен сенімді алмасу (reliable messaging)

3.2.19 RMI/ПОР – Қашықтан шақыру тәсілі/ORB арасындағы интернет хаттама (remote method invocation/Internet inter-ORB protocol)

3.2.20 RPC – Қашықтықтағы рәсімін шақыру (remote procedure call)

3.2.21 SMTP – Электронды поштаның жеңілдетілген хаттамасы (simple mail transfer protocol)

3.2.22 SOA – Сервис-бағытталған сәулет (service-oriented architecture)

3.2.23 TCP/IP – Мәліметтерді беруді басқару хаттамасы/желіаралық хаттама (transmission control protocol/internet protocol)

3.2.24 tModel – Техникалық модель (technical model)

3.2.25 UDDI – Әмбебап сипаттама, іздеу және өзара әрекет (universal description, discovery and integration)

3.2.26 URI – Унификацияланған (біртекті) ресурс идентификаторы (uniform resource identifier)

3.2.27 UTF –8 (/16) – қайта құрылу символдарының UTF–8 (/16) – битті әмбебап терудің символдарды кодтау стандарты (8(/16)–bit universal character set transformation format)

3.2.28 W3C – Бүкіләлемдік тордың консорциумы (World Wide Web Consortium)

3.2.29 WS – Веб-сервис (web service)

3.2.30 WS-I – Веб-сервистердің өзара әрекеті (ұйымдастыру) (web services interoperability (organization))

3.2.31 WSDL – Веб-сервистерді сипаттау тілі (web services description language)

3.2.32 XML – Белгілеудің кеңейтілетін (eXtensible markup language)

3.2.33 XSD – Схеманы анықтау XML (XML schema definition).

4 Шартты белгілер

4.1 Негізгі спецификацияда қолданылатын URL атауларының кеңістігі мен префикстері.

Осы стандартта 1 кестеге сәйкес алдын-ала анықталған атаулар кеңістіктерінің префикстері қолданылады. Басқа префикстермен атаулар кеңістігі (мысалы: «веб-сервистер саясаты» және «веб-сервистерді дербестендіру») осы стандартта келтірілген.

Ескертпе

1 Кез-келген атаулар кеңістігінің префиксін таңдау семантикалық маңызсыз және еркін болып табылады. ([XML-дегі атаулар кеңістігі]қара). Осылайша берілген префикс әрбір жеке құжатта уникалды болып табылады.

2 Қысқа жеткізу ұғымына байланысты барлық мысалдар толық схема түрінде берілмеген. Берілген жағдайда атаулар кеңістігі ата-аналық элементте көрсетілген деп топшыланады.

1-кесте – Атаулар кеңістігінің префиксі және URI атауларының кеңістігі

Категория	Префикс	Атаулар кеңістігінің URI-i
WS-I атаулар кеңістігі	wsi	http://ws-i.org/profiles/basic/1.1
WSDL ортасына арналған WSDL 2.0 атаулар кеңістігі	wsdl	http://schemas.xmlsoap.org/wsdl/
WSDL 1.1 атаулар кеңістігі	wsdl11	http://schemas.xmlsoap.org/wsdl
WSDL SOAP байлауға арналған WSDL атаулар кеңістігі	soapbind	http://schemas.xmlsoap.org/wsdl/soap/
WSDL HTTP GET және POST байлауға арналған WSDL атаулар кеңістігі	http	http://schemas.xmlsoap.org/wsdl/http/

I-кестенің соңы

Категория	Префикс	Атаулар кеңістігінің URI-і
SOAP 1.1 сәйкес атаулар кеңістігін кодтау	soapenc	http://schemas.xmlsoap.org/soap/encoding/
SOAP 1.1 сәйкес атаулар кеңістігінің мәліметтер пакеті	soapenv	http://schemas.xmlsoap.org/soap/envelope/
XSD сәйкес атаулар кеңістігінің үлгісі	xsi	http://www.w3.org/2000/10/XMLSchema-instance
XSD сәйкес атаулар кеңістігінің схемасы	xsd	http://www.w3.org/2000/10/XMLSchema
Ағымдағы құжатқа үндеу үшін Префикс "This namespace" (tns) түріндегі шартты белгілер	tns	(әр түрлілер)
Қалған атаулар кеңістігі префикстері мысал болып ғана табылады. Жеке алғанда "http://example.com" басталатын IRIs қосымшаға тәуелді немесе IRI контекстіне тәуелді болып табылады	(басқалар)	(әр түрлілер)

4.2 Веб-сервис синтаксисінің белгісі: BNF псевдо-схемалары

BNF псевдо-схемалары веб-сервистердің синтаксисін көрсету үшін қолданылады.

– Синтаксис XML үлгісі тәрізді көрінеді. Ал курсивпен айқындалған мәндер әріптік мәндердің орнына мәліметтер түріне көрсетеді.

– Символдар элементтермен атрибуттарға элементтердің белгілі бір санын нұсқау үшін қосылады:

"?" (0 немесе 1);

"*" (0 немесе үлкен);

"+" (1 немесе үлкен).

– "|" символдары альтернативті элементтер және/немесе атрибуттар арасындағы таңдауға нұсқау үшін қолданылады.

– "("and")" символдары

Құрамындағы бөлшектер бөлшектер немесе таңдауға қатысты топ ретінде өңделуі тиіс ретінде көрсетілуі үшін қолданылады.

– "["and"]" символдары сілтемелерді, атаулар құрамын шақыру үшін қолданылады.

– Эллипстер (яғни, "...") кеңейтілім нүктелеріне нұсқайды. Қосымша еншілес элементтерді және/немесе атрибуттарды белгіленген кеңею нүктелерінде қосуға БОЛАДЫ, бірақ сәйкесінше ата-ананың және/немесе иесінің семантикасына қайшы келмеуі КЕРЕК. Автоматты түрде, егер қабылдаушы кеңейтілуді анықтай алмаса, онда ол кеңейтілуді елемей ҚАЖЕТ.

Аталмыш өңдеу ережесінде туындайтын ерекшеліктер төменде көрсетілген.

4.3 XPath 1.0 белгіленуі

XPath 1.0 мағынасы XML бөлшегіне және/немесе атрибуттары қолданылады.

4.4 Провайдер сервисі мен сервис қолданушының өзара әрекеттесі комбинациясын мазмұны

Сервис тұтынушы мен сервис провайдердің өзара әрекеттесуінің қолданыстағы төрт комбинациясы. Осы стандартта комбинация белгі (провайдер сервисі мен сервис қолданушы) болып берілген.

Мысалы – (Жол қозғалысы, жүкті тасымалдау сервистік провайдерлері).

4.5 SOA жиынтық атауының белгілері

SOA жиынтық атауы жартылай қоюлы курсивпен ұсынылған.

Мысал – *Хабарламалармен алмасу*

4.6 Белгілер жиынтығы

Бунақты тіреушелер белгілер топтамасын көрсетеді: "{" "}".

Мысал – 1-ден 9 дейін тұтас сандар жиынтығы: {1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9}.

4.7 IRI сынамалы көрсеткіші

Кейбір құрылымдар стандарттар әзірлеу кезінде өзінің мағынасын анықтай алмайды. Бұндай жағдайларда, сынамалы көрсеткіштер */tentative* жартылай курсивті сияқты беріледі. Соңғы мәні нақты IRI қолданған кездің орны болады.

Мысал – WSDL soapbind:address (веб-сервистің нақты адресі):

```
<definitions name=...  
  xmlns="http://schemas.xmlsoap.org/wsdl" ...  
  ...  
  <service name=...>  
    <port name=...>  
      <soapbind:address location="http://www.example.com/tentative/">  
    </port>  
  </service>
```

Аталмыш жағдайда орналасқан жері IRI нақты қызметі болып табылады, бірақ стандарттау нүктесін анықтауға күжіретсіз, дегенмен орналасқан жері WSDL құжатының нақтылығын қамтамасыз ететіндей көрсетілуі тиіс.

4.8 Rnnnn (nnnn: тұтас сандар)

Rnnnn мәліметтер жолы WS-I Базалық Профилі қойылған талаптарының идентификатор нөмірін көрсету үшін қолданылады. "[Rnnnn]" ретінде көрсетіледі.

5 Талаптар

5.1 Веб-сервистерді стандарттаудың негізгі тұжырымы

5.1.1 Веб-сервистер сәулеті

WS қызметтік мүмкіндіктердің бірнеше санын қажет ететіндігін ескерсек, сондықтан сәулеттік мәнмәтін қажетті болып табылады. Веб-сервистерді стандарттау жөніндегі ұйымдар SOA саласы шеңберінде стандарттарды құрайды. SOA есептеуді орналастыру және нысанды-бағытталған бағдарламалықтың эволюциялық формасы болып табылады.

SOA негізгі философия (сәулеті) келесіге негізделген:

- жүйелер хабарламалар арқылы бос байланыста болуы тиіс;
- жүйелер өзара динамикалық байланысты болуы тиіс;
- жүйелер қызметтік жиынтықтар арқылы топталуы тиіс.

SOA веб-сервистерінде қызметтік жиынтықтардың әртүрлі нұсқалары бар.

a) Сервис композициясының жиынтығы: бизнес-процестердің үйлесімділігін суреттейтін жиынтық. Аталмыш жиынтық нақты бизнесті автоматтандыру үшін қолданылады.

b) Сервис интерфейсін және тиісті сервис саясатын сипаттайтын сьвистер сипаттамасының жиынтығы. Аталмыш жиынтық метамәліметтерді сипаттау үшін қолданылады.


c) Сервис сапасының жиынтығы (QoS): хабарлама сапасын, қауіпсіздік және тарнзакция сапасын қамтамасыз ететін жиынтық.

d) Хабарлармен алмасу жиынтығы: хабарламалардың өтуін сипаттайтын жиынтық.

e) Көліктік жиынтық: тасымалдаушы хабарламалар жиынтығы.

f) Сервисті орналастыру және жиынтықты іздеу: орналастырылатын жиынтық және Веб-сервисте орналасқан.

WS – SOA ашық стандарттары негізінде құрылады (2-суретті қараңыз). Әр стандарт платформаны қолдануға тәуелсіз тәсілмен құрылады. Веб-сервис (сервис және клиент) платформаға байланыссыз өзара әрекеттесе алады. Аталмыш жағдайда егер екі тарап та SOA бір стандартына сәйкес келсе өзара әрекеттесу жүйеге асады.

Жрғары деңгейлі
жиынтық SOASOA ішкі деңгейі (курсив) және желілік
қызметтердің тиісті стандарттары

2-сурет – SOA және оның стандартты құрылымы

Ескертпе

1 Қазіргі уақытта, бағдарламалық қамтамасыз ететін көптеген жабдықтаушылар веб-сервистерді әзірлеуден кешенді аспаптарынан бастап жеке құрамалы деңгейге аспаптарға дейінгі аспаптарды ұсынып жатыр. Аталмыш аспаптарды қолдану әзірлеушіге қарапайым істерді тез орындауға мүмкіндік береді.

2 Кейбір сәулеттер сервис сапасының деңгейін сервисті сипаттаудың жоғары дәрежесінің деңгейі ретінде көрсетеді. Басқа сәулетшілер керісінше тәртіпте көрсетеді. Осы стандарт сервисті сипаттаудың деңгейін қызмет сапасының деңгейінің жоғары дәрежесі ретінде сипаттайды. Бұның себебі сервисті сипаттау деңгейі қызметтер сапасының параметрлерін басқаратын және сервис сапасының деңгейін қолдануында.

5.1.2 Осы стандартқа сәйкес веб-сервистерді стандарттау


3-суретте MOF сияқты веб-сервистер түрі берілген. Нүктелі сызық сілтемелі өзара қатынасты көрсетеді.

M3 деңгейі (XML+сызба XML және атаулар кеңістігі) веб-сервистер стандарттарының синтаксисін қамтамасыз етеді. [2] ITS секторына арналған сызбаларды қолданудың стандарты болып табылады.

M2 деңгейі (Веб-сервистер стандарттары, BP WS-I және осы стандарт) веб-сервисті әзірлеу үшін ережесін және нұсқаулығын қамтамасыз етеді.

M1 деңгейі (ITS веб-сервисінің стандарттары) веб сервистерге, соның ішінде ITS арналғандарды әзірлеу үшін ережелер мен нұсқаулықпен қамтамасыз етеді. M1 деңгейінің

мысалдары белгілі веб-сервистердің (ITS веб-сервистері) ISO 24097 осы бөлімге сәйкестігі анықтағанша базалық өзара әрекеттестік жүзеге асады.



3-сурет –ITS веб-сервистер стандартының құрылымы


5.2 Веб-сервистердің метамәліметтері

Веб-сервистер стандарттары SOA-ға негізделген. Веб-сервис көп деңгейді қызметтерге құрылған. Негізгі деңгейлер 2-суретте көрсетілген. Ең жоғары деңгей сервис композицияның деңгейі болып табылады. Аталмыш деңгей көптеген сервистер композициясын қамтиды. Осы стандартта бір ғана веб-сервистің қосымшасы ғана қарастырылады, ең жоғарғы деңгейін сипаттау аталмы көрсетілімге кірмейді.

Екінші ең жоғарғы деңгей сервисті сипаттаудың деңгейі болып табылады. Аталмыш деңгей жалпы көрсетілімдегі метамәліметтер деңгейі болып табылады. Сервисті сипаттау деңгейі үш субқұрамдар тұрады, атап айтқанда интерфейсті сипаттаудан, саясатты сипаттаудан және мекен-жайлылық. Аталмыш субқұрамдар көрсетілген тәртіпте веб-сервис саясаты және веб-сервистер мекен-жайы, WSDL ретінде стандартталады.

WSDL стандарты интерфейстің ақпараттық сипатын ұсынады. Веб-сервистер саясатының стандарттары веб-сервистер мүмкіндіктері мен шектеулерін қамтиды. Веб-сервистер мекен-жайлылығының стандарттары Веб-сервистер мекен-жайлылығының стандарттары EPR метамәліметтер негізін және хабарлама мекенжайлылығының кейбір қызметтік ұсынады. Осы стандарттар көмегімен, ITS веб-сервисі қоғамның нақты қажеттіліктеріне ықпал етуі мүмкін. Веб-сервистер саясаты мен веб-сервистер мекен-

жайлылығы нақты қолданылатын WSDL нұсқасынан тәуелсіз қолданылады.



4-сурет –WSDL өзара қатынасы, веб-сервистер саясаты мен веб-сервистер мекен-жайлылығы

Бір сервистің құжаты сервис қолданушысы сервисті түсінуді жеңілдету үшін, сондай-ақ аспаптық қолдаудың қарапайымдылығы үшін қажет.

Әлемдік тор консорциумы (W3C) екі механизмді қамтамасыз етеді: WSDL кеңейтілген нүктелер қосымша ерекшеліктер және веб-сервистер саясаты. Кеңейтілген нүктелер логикалық нүктелер болып табылады, оларда қызметтік мүмкіндіктердің басқа стандарттары (бұл жағдайда веб-сервистер саясаты)WSDL сипаттаумен байланысты болуы мүмкін. Веб-сервистер саясаты WSDL механизмінің барын анықтайды. Осы механизмдер көмегімен веб-сервистер режимі бір құжатта сипатталады. Веб-сервис үлгілік қағидалар бойынша қызметтік мүмкіндіктердің кеңейтілуін қамтамасыз етеді.

5.2.1 Метамәліметтерге қойылатын жалпы талаптар мен ақыл-кеңестер

5.2.1.1 Халықаралық стандарттың веб-сервистер метамәліметтерін сипаттау

Веб-сервистер метамәліметтері осы стандартқа сәйкес нысандандырылған форматта жариялануы тиіс.

Ескертпе – Метамәліметтердің формалды көрсеткіші провайдер сервисі мен сервисті сұратушы арасындағы (көп жағдайда әртүрлі тараптар) келісімді көрсетеді. Бұған қосымша ретінде, формалды метамәліметтер клиенттік және сервистік бағдарламаларды автоматты түрде құруды қолдайды.

5.2.1.2 UTF–8 немесе UTF–16 қолдану

UTF–8 немесе UTF–16 метамәліметтерді хабарлау үшін қолданылуы тиіс.

Ескертпе –UTF–8 немесе UTF–16 қолдану XML қосымшасы үшін қосымшаны интернационалдау үшін стандартты болып табылады.

5.2.1.3 Жоғары нұсқа сценарийі

Метамәліметтер өзгерген кезде, қолдау барлық нұсқаларда қамтамасыз етуі тиіс.

СЕБЕБІ Веб-сервистер нұсқалары жаңартылып отыратын көптеген сценарилер болуы мүмкін (5-суретті қарау). Егер сервис жасырын қолданушы үшін арналған болса және/немесе бағдарламалаық қамтамасыз етудегі жаңа нұсқанының кез келген бұзушылықтан қалпына келу үшін қысқа мерзімді қажет етсе, ескі нұсқаның қолдауы қажет. Аталмыш қажеттілікке 2-сценарий типі сәйкес келуі мүмкін (5-сурет қарау).




5-сурет – Жоғары нұсқа сценарийі

5.2.1.4 Интерфейс немесе саясаттың өзгеруі

Интерфейс немесе саясат өзгерген кезде, бірдей дұрыс өзгеріс жүргізілуі тиіс және өзара ықпалға анализ жасалуы керек.

СЕБЕП Веб-сервис реттік интерфейс пен саясат жұбы арасында ғана жұмыс істейді. Мысалға, егер интерфейсін сипаттауда жаңа байлам қосылса, онда ол саясат веб-сервисіне ықпал етуі мүмкін. Керісінше тәртіпке жол беріледі. Осылайша, өзаратексеріс жүзеге асуы тиіс. Кез келген өзгеріс 5.2.1.3 анықталған шектеулер шеңберінде орындалуы тиіс. Егер өзгерістер 5.2.1.3 талаптарына сәйкес келмесе, онда ол жаңа сервис болып табылады да, ал ескі қызмет бұрынғыша қалады.

Ескертпе – WSDL немесе веб-сервистер саясатын өзгерту сәйкестігі үшін физикалық бумаларды басқарудың көптеген тәсілдері бар. Әдістердің бірі сондай бір буманың ішіндегі өзгеріске тіркелген (6-суреттегі 1 тип); жаңа физикалық буманы құруға арналған баламалы әдіс болып табылады (2-тип). 1-тип өзгерісті минималдайды, бірақ әдісті таңдау сервистік провайдерде қалады.



6-сурет – Веб-сервистерді сипаттаудағы веб-сервис тілі саясатының өзгеруі (WSDL)

5.2.1.5 Метамәліметтер нұсқасын бақылау

Метамәліметтер нұсқаларын бақылау қажет етілмейді, бірақ кеңес етіледі. Ол қолданылған жерде нұсқа нөмірі WSDL және веб-сервистер саясатына жекелеу қолданылады.

СЕБЕБІ Нұсқаның нөмірленуі метамәліметтердің өзгеруін оңай анықтауға мүмкіндік береді. WSDL үшін де, веб-сервистер саясаты үшін де тәуелсіз нұсқалар нөмірленуі қажеттілігі бар, себебі әрқайсы дербес өзгеруі мүмкін.

Ескертпе – WSDL нұсқаларын бақылау ережелерін, 6.2.4 қарау. Веб-сервистер саясатының нұсқаларын бақылау ережелерін 6.2.4 қарау.

6 Сервисті сипаттау деңгейі

6.1 Сервисті сипаттау деңгей құрылымы

Веб-сервис стандарттары сервиске-бағытталған сәулетке негізделгенін ескере отырып (SOA), барлық қажетті қызметтерді қарастыру үшін стандарттар тізбегін анықтау қажет. Сервисті сипаттау деңгейі келесі ішкі деңгейлерден тұруы тиіс: интерфейсті сипаттау, саясатты сипаттау және дербестеу және WSDL, веб-сервистер саясаты және веб-сервистердің дербестенуіне арналған стандарттарды біркелкі анықтауы тиіс. 6-9 бөлімдерде стандарттар мәліметтерінің көмегімен ITS веб-сервистерімен өзара әрекеттесуіне қол жеткізуін сипаттау.

6.2 Сервисті сипаттау деңгейі – интерфейсін ішкі деңгейін сипаттауға қойылатын талаптар мен ұсыныстар

6.2.1 WSDL рөлі

"Веб-сервистерді сипаттау тілі" веб-сервистің интерфейсін сипаттаудың формалды тілі болып табылады. WSDL провайдерлік сервис пен сервисті қолданушы арасындағы нақты шарты болып табылады.

"Келісім шарт" провайдер сервисі мен сервис қолданушы бір реттіліксіз WSDL-ден бағдарлама жасай ала алатынын көрсетеді.

ITS саласындағы WSDL рөлге келесілер кіреді:

g) провайдер сервисі мен сервис тұтынушы арасындағы келісілген техникалық шарттарды сипаттау;

h) веб-сервистерді әзірлеу аспаптары көмегімен бітеуіш пен қаңқасын автоматты түрде жүзеге асуын қамтамасыз ету; ол екеуі үшін де бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу барасындаға жүкті жеңілдетеді.

6.2.2 WSDL көптеген ерекшеліктері

WSDL заманауи нұсқасы WSDL 2.0 болып табылады және осы стандарт WSDL 2.0 нұсқасына негізделген. Аталмыш өзгерістер жуырда ғана орын алды. WSDL (веб-сервисті сипаттау тілі) және SOAP (сервисті-бағытталған сәулет хаттамасы) дамуы 7-суретте көрсетілген.

WSDL және SOAP заманауи нұсқалары (осы стандартты әзірлеу кезінде) тиісінше WSDL 2.0 және SOAP 1.2 болып табылады.

Белгілі бір кезеңдерде WSDL 1.1 нұсқасы да қолданылады, оны бейімдеу қажет болып табылады.

Бұл өте маңызды фактор болып табылады, себебі WSDL 2.0 және SOAP 1.2 нұсқасы нұсқалары алдыңғы нұсқалармен бірге сәйкес келмейді. Сондықтан рұқсат етілген комбинациялар тек қана келесілер бола алады: (WSDL 1.1, SOAP 1.1), (WSDL 2.0, SOAP 1.2) және (WSDL 2.0, SOAP 1.1). Бұл жағдайда қолданушы сипаттама құжаттаманың тиісті нұсқасын таңдауы қажет.

Год	WSDL	SOAP	Басқа қолданылатын стандарттар
2000		SOAP 1.1 (мамыр)	
2001	WSDL 1.1 (наурыз) ¹		сызба XML (мамыр)
2002			
2003		SOAP 1.2 (маусым)	
2004			WS-I BP (сәуір)
2005			
2006			
2007	WSDL 2.0 (шілде)		Дербестендіру WS ² (май) саясат WS ³ (қыркүйек)


Ескертпе
1. Комбинациялар (WSDL 1.1 и SOAP 1.2) қарастыруға арналған W3C формалды жіберуге сұрату мәртебесінде
2. Желілік сервистерді дербестендіру 1.0 – метамәліметтер
3. Желілік сервистер саясаты 1.6 – Желілік сервистер құрылмы мен саясаты 1.5 – Қосымша

7-сурет – WSDL және SOAP нұсқасының дұрыс комбинациясы

Тіпті егер WSDL 2.0 айтарлықтай WSDL 1.1 және WSDL 1.1 артық болса да, қолданушылар WSDL 2.0 нұсқасына көшеді, WSDL 1.1 бас тарту біраз уақытты алады (7-суретті қараңыз). Веб-сервис көп жағдайда әртүрлі ұйымдар арасында жүзеге асады. WSDL 2.0 ендіруді қолдау аспаптары 2008 жылдың ортасынан бастап дамуын жалғастырып келеді.

Бұндай белгісіз жағдайда, осы стандарт, негізінен WSDL 2.0 нұсқасына бағытталған, сонымен қатар 1-нұсқасының (WSDL 1.1 және SOAP 1.1) және 2-нұсқасының (WSDL 2.0 және SOAP 1.2) ерекшелігінен құралады. Осы стандартты өте жақсы түсіну үшін, нұсқалар аспектілері WSDL 1.1 А қосымшасында ұсынылған, ал WSDL синтаксисі В қосымшасында келтірілген.

WSDL 1.1 негізі туралы және WSDL 1.1-ден WSDL 2.0 нұсқасына көшу кезеңі туралы қосымша ақпарат А қосымшасында келтірілген.



8-сурет – WSDL өтуі

6.2.3 WSDL және SOAP арасындағы қарым-қатынас

SOAP хаттамасы хабарламалармен алмасу хаттамасы болып табылады. WSDL 1.1 және WSDL 2.0 екі нұсқасы да SOAP хаттамасын таңдай алады (синтаксис ретінде HTTP немесе MIME тікелей сияқты басқа хаттамаларын таңдай алады).

WSDL 2.0 нұсқасы SOAP 1.1 және/немесе SOAP 1.2 (автоматты түрде) тағайындауы мүмкін. SOAP өзара әрекеттестіктің инфрақұрылымы ретінде қарастырылады. Осылайша, WSDL 2.0 нұсқасы SOAP 1.1 қолданылуын қолдайды (кері сәйкестілік).

WSDL 1.1 нұсқасында, таңдалған SOAP байламы SOAP 1.1 қолдануды талап етеді.

6.2.4 ITS веб-сервисінің интерфейсінің нұсқасын бақылау ережесі

а) ITS веб-сервистер интерфейсінің нұсқалары келесі формаларға ие болады:

Форма: m.n.a

– m: негізгі нұсқа нөмірі (xs:positiveInteger)

– n: қосымша нұсқа нөмірі (xs:nonNegativeInteger)

– a: жобалы нұсқа нөмірі (xs:NCName)

б) Нұсқаның өзгеруі келесі формаларға ие:

– m: егер m нұсқасының үлгісі m +1 желілік нұсқасынан бас тарту себебі болып табылса

– n: егер (n нұсқасының үлгісі (n +1) сервистік нұсқасына тіркелген болса және (n +1) кейбір бас тартулар нұсқасы m нұсқасы сервисінен бас тарту себебі болып табылса)

– a: өзгерудің жобасы мен семантикасы.

Ескертпе

1 XML нұсқасы XML декларациясындағы бір мағыналы жарияланған нұсқасы. Басқалары атау кеңістігінің атрибуты болып табылады.

2 Нұсқа нөмірі бір мағынада WSDL 1.1; wsdl11/definition/@name жариялануы мүмкін.

6.2.5 WSDL 2.0 қолдануға қойылатын талаптар мен ұсыныстар

WSDL 2.0 қолдануға қойылған талаптар осы тармақша ішінде анықталған.

6.2.5.1 WSDL 2.0

WSDL 2.0 нұсқасы WSDL 1.1 нұсқасынан келесі тармақтар бойынша артық:

а) WSDL жеңіл құру мен қайталап қолдануға арналған үлгілік құрылмы;

б) нысанды-бағытталған үлгіні қолдау (мысалға, ерекшеліктерді мұрагерлеу);

с) кеңейтілу нүктесінің нақты анықталуы (мысалға, веб-сервис саясаты осы кеңейту нүктесінің көмегімен сипатталады), веб-сервистердің қызметтік мүмкіндіктерінің әртүрлілігін кеңейтілуін қамтамасыз етеді.

Ескертпе – Осы стандартты жариялау кезінде, WSDL 2.0 арналған аспаптық қолдау жүргізіледі (мысалға, Apache Axis 2). Салыстыру үшін, WSDL 1.1 ескірген нұсқасы өте бай аспаптық қолдауға ие. Осы фактіні ескере отырып, аспаптық қолдауға қосымша талаптарын ескере отырып, WSDL нұсқасының ең тиімдісі таңдалынады.

6.2.5.2 WSDL 2.0 сәйкестігіне арналған тест

Өзара әрекеттестікті сәйкестендіру мақсатында, ITS веб-сервисі W3C веб сайтының WSDL 2.0 тілі арқылы сәйкестікті орнатуды қолдануы тиіс.

СЕБЕБІ W3C веб сайтының WSDL 2.0 тілінің WSDL тіліне сәйкестігін орнату веб-сервистердің өзара әрекеттестіктеріне арналған минималды жағдайы болып табылады.

Ескертпе – Тест онлайн режимінде тексерісті қолдайды.

6.2.5.3 Хабарлама импорты және бұзушылық

WSDL-да XML дербес құжат ретіне хабарламаны құру бұлтыртпай орындау кеңес етіледі және оны WSDL импорттаған жөн.

СЕБЕБІ бөлінген сервистік сипатталған деңгейі хабарлармен алмасу деңгейінен модульдік бағыттылықты әзірлеуге мүмкіндік береді. Жұмыс күйінде қолдау немесе жүйе кезеңдері жеңілдетіледі. Көптеген қате хабарламалар әртүрлі қосымшалар үшін жалпы болып табылады, сондықтан олар көп реттік қолдануға жатады. Олар ITS веб-сервистерінің тех даму ырғақтарына ықпал етеді. Көптеген елдерде хабарламаларды стандарттау аяқталып қойған. Хабарламаларды стандарттау веб-сервистердің тех дамуы мен өзара әрекеттесуін қолдайды.

6.2.5.4 WSDL 2.0 атауы (wsdl: description/@name)

Мүмкіндігіне қарай, [1] негізіндегі сервистердің классификациясы WSDL 2.0 атау атрибутында қолданылуы тиіс (кеңес етіледі).

Ескертпе – Оның мағынасы бір мәндік болып табылады.

6.3 Сервисті сипаттау деңгейі – Саясатты сипаттаудағы деңгей ішіне қойылатын талаптар мен ұсыныстар

WSDL интерфейстің формалды сипатталуын қолдайды. Жоғарыда көрсетілген сипаттамаға сәйкес, веб-сервистер саясаты құралдардың басқа аспектілерін және талаптарын веб-сервистер арқылы (4-суретті қараңыз) толықтырады.

Веб-сервистердің нақты өмір үшін қауіпсіздігін сипаттай отырып, формалды әдістің хабарламалары және/немесе транзакцияларының сенімді алмасуы қажет. Формалды сипаттау аспаптық өңделуді де қолдайды. Осы тармақшада веб-сервистер саясатының негіздері сипатталған, сонымен қатар ITS веб-сервистеріне арналған талаптар мен ұсыныстар көрсетілген.

Веб-сервистердің саясатымен байланысты XML префикстері мен атау кеңістіктері 2-кестеде келтірілген.

2-кесте – XML атауының префикстері мен кеңістігі

Пре-фикс	XML кеңістік атауы	Сипаттайтын құжат
mtom	http://schemas.xmlsoap.org/ws/2004/09/policy/optimizedmimeserialization	[WS-MTOMPolicy] (Веб-сервис – Хабарламаны берідегі оңтайлау саясаты)
soap	http://www.w3.org/2003/05/soap-envelope	[SOAP 1.2 Messaging Framework (Second edition)] (1.2 нұсқалы сәулетке бағытталған сервис хаттамасы. Хабарламалармен алмасу ортасы (екінші басылым))
sp	http://docs.oasis-open.org/ws-sx/ws-securitypolicy/200702	[WS-SecurityPolicy] (Веб-сервистердің қауіпсіздік саясаты)
wsa	http://www.w3.org/2005/08/addressing	[WS-Addressing Core] (веб-сервистің дербестену негізі)

2-кестенің соңы

Пре-фикс	XML кеңістік атауы	Сипататйтын құжат
wsam	http://www.w3.org/2007/05/addressing/metadata	[WS–Addressing Metadata] (веб-сервистің дербестену метамәліметтері)
wsdl	http://schemas.xmlsoap.org/wsdl/	[WSDL 1.1] (1.1 нұсқасының веб-сервистерінің сипататлау тілі)
wsp	http://www.w3.org/ns/ws-policy	[Web services policy framework, web services policy attachment] (Веб-сервистер саясатының ортасы, веб-сервистердің саясатының қосылуы)
wss	http://docs.oasis-open.org/wss/2.0.04/01/oasis-2.004.01-wss-wssecurity-secext-1.0.xsd	[WS–Security 2004] (2004 нұсқадағы веб-сервистің қауіпсіздігі)
wst	http://docs.oasis-open.org/ws-sx/ws-trust/2.00.512	[WS–Trust] (сенімді Веб-сервис)
wsu	http://docs.oasis-open.org/wss/2.0.04/01/oasis-200401-wss-wssecurity-utility-1.0.xsd	[WS–Security 2004] (2004 нұсқадағы веб-сервистің қауіпсіздігі)


6.3.1 Веб-сервистер рөлі мен синтаксисі

Веб-сервистер саясатының негіздері (рөл және синтаксис), ITS веб-сервистеріне қойылатын талаптар мен ұсыныстар төменде берілген.

6.3.1.1 Веб-сервистер саясаты – Орта

Жоғарыда сипатталған сәйкес, веб-сервистерге қойылған талаптар мен шектеулер қауіпсіздік, сенімділік, транзакция және хабарлармен алмасу сияқты мәселелерге қатысты болып келеді. Барлық сұрақтарды бір құжатта қарастыру бағдарламалық қамтамасыз ету аспаптарын әзірлеуді жеңілдету және түсінуге мүмкіндік жасайды. Аталмыш жағдайда, келесі сұрақ туындайды – Аталмыш тақырыптар (қауіпсіздік, сенімділік және т.б.) саясат туралы бірыңғай құжатқа қалай ұйымдастырылған? W3C стандарт, «1.5 веб-сервистер саясаты - Құрылым» құжатта саясат тақырыбын іріктеу реттілігіне арналған механизм қамтамасыз етеді (9-суретті қараңыз).

Ескертпе – 1.5 веб-сервистер саясаты, веб-сервистер саясаты бұрын өндірушілер тобымен әзірленген. Артықшылық еткен нұсқаның соңғысы 1.4 болған. Ол W3C болдырылмаған және қазіргі уақытта 1.5 нұсқасы бар және қолданылады.



9-сурет – Веб-сервисер саясатының құрылым

Саясатты сипаттау тілі келесі төрт бөлшектен тұрады – `wsp: Policy`, `wsp: All`, `wsp: Exactly One`, `wsp: Policy Reference` – және екі атрибуттан – `wsp: Optional` и `wsp: Ignorable`. Атау кеңістігінің префиксі "wsp" веб-сервисер саясатының сөздігін XML құжаттарында бөледі. Бұл жағдайда `wsp: Policy`, `wsp: All`, `wsp: Exactly One` and `wsp: Policy Reference` веб-сервисер саясатының сөздігі ретінде қолданылады. Аталмыш төрт бөлшек оператор ретінде жүзеге асады. Компьютерлік тілдің операторы ретінде, операнд (-тар) қолданумен белгілі бір әрекеттерді жүзеге асырады және операнд (-тар) көрсеткішін құрайды. Веб-сервисер саясаты дәл сондай қызметтерді атқарады, атап айтқанда доиеннің нақты тақырыптарымен, олар: қауіпсіздік, сенімділік, транзакция және хабарлармен алмасу. Атрибуттар саясаттың кейбір қабілеттерін береді.

Төменде атау кеңістігіне сілтеме бере отырып веб-сервисер саясатын растайтын мысалдар келтірілген.


```
<wsp:All>
  <wsam:Addressing>...</wsam:Addressing>
  <mtom:OptimizedMimeSerialization wsp:Optional="true"/>
  <wsp:ExactlyOne>
    <sp:TransportBinding>...</sp:TransportBinding>
    <sp:AsymmetricBinding>~</sp:AsymmetricBinding>
  </wsp:ExactlyOne>
</wsp:All>
```

Келтірілген мысалда «wsp» префикс веб-сервис [(wsp: All, wsp: Exactly One) және атрибут (wsp: Optional)] саясатының сөздігіне жататының көрсетеді және оның қызметтік мүмкіндіктері веб-сервисер саясатында анықталады. Басқа алдын ала берілген бөлшектер және атрибуттар аталмыш құрылымдар саясатпен байланысты басқа сөздіктерге тиесіл екендігін анықтайды. Келесі бөлшектер `mtom: Optimized Mime Serialization` алдын ала жазып қойылған SOAP хабарламаларын оңлайтуға қолданылуға арналған болып табылады. Әр алдын ала белгіленген құрымының қызметтік мүмкіндіктері саясатпен байланысты тиісті стандарттарда берілген.

Веб-сервистер саясаты таңдалатын операторды дайындайды. Аталмыш мысалда `wsp: Exactly One` сервис қолданушысы `<sp: Transport Binding>` немесе `<sp: Asymmetric Binding>` таңдай алатындығын және ол саясаттын баласы болып табылатындығын көрсетеді.

